

## Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 372 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 қаңтарда 12822 болып тіркелді

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 35-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрдегі осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы тармақта көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді осы іс-шаралар орындалғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрінің

2015 жылдың 7 желтоқсандағы

## **Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару бойынша нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын (бұдан әрі – музей заттары) есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару тәртібін нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) музей қоры – мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар мен басқа да мемлекеттік ұйымдар қорындағы және Қазақстан Республикасына тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы ;

2) музей заты – қолданыстағы ортадан алынып, музейге әкелінген мәдени құндылық ;

3) негізгі қор – мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар мен басқа да мемлекеттік ұйымдардың қорында тұрақты пайдаланылатын және Қазақстан Республикасына тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы ;

4) уақытша қор – мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар мен басқа да мемлекеттік ұйымдардың қорында уақытша пайдаланылатын және Қазақстан Республикасына тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы.

### **2. Музей заттарын есепке алу**

3. Музей заттарын есепке алу екі кезеңмен қарастырылады:

- 1) музей заттарын алғашқы тіркеу;
- 2) музей заттарын түгендеу.

#### **1-Параграф. Музей заттарын алғашқы тіркеу**

4. Алғашқы тіркеуде :

1) музей заттары актіленеді. Актілеу музей заттарын қабылдау немесе тапсыру күні жасалып :

осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша музей заттарын тұрақты немесе уақытша пайдалануға қабылдау актісімен;

осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша музей заттарын тұрақты немесе уақытша пайдалануға тапсыру актісімен ресімделеді.

Осы тармақта көрсетілген актілер осы Нұсқаулықтың 3, 4, 5, 6-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша Тұрақты пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу кітабына, Тұрақты пайдалануға тапсыру актілерін тіркеу кітабына, Уақытша пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу кітабына, Уақытша пайдалануға тапсыру актілерін тіркеу кітабына (бұдан әрі – тіркеу кітаптары) тіркеледі.

2) Музей заттарын қабылдау жөніндегі актілеу қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясының ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады;

3) музей заттарын қабылдау кезінде бағалы металдар мен тастары бар музей заттарынан басқа музей заттары жөніндегі мәліметтер осы Нұсқаулықтың 7, 8-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша Негізгі қордың түсім кітабына немесе Уақытша қордың түсім кітабына (бұдан әрі – түсім кітаптары) енгізіледі.

Түсім кітаптарына мәліметтер енгізу кезінде әр музей затына бір реттік тіркеу нөмірі беріледі, ал әр коллекциялық музей затына коллекцияны құрайтын заттардың саны бойынша нөмір бөлшекпен беріледі.

Коллекциялық музей заттарын қабылдау кезінде осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша музей заттарының коллекциялық тізімдеме ж а с а л а д ы .

5. Түсім кітаптары мен тіркеу кітаптары қолмен жазылады. Күнделікті пайдалану үшін түсім кітаптарының электронды нұсқасы жасалады.

6. Түсім кітаптары мен тіркеу кітаптары толтырылғанға дейін беттері нөмірленеді, байланады, музей директорының, бас қор сақтаушының, есепке алу бөлімі жетекшісінің қолдары қойылады және музейдің мөрі басылады.

7. Әр жылдың бірінші қаңтарына соңғы жазба енгізілгеннен кейін осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша түсім кітаптары мен тіркеу кітаптары бойынша кітаптардың тізімдемесі жасалады.

8. Музей заттарын, оның ішінде коллекцияны есепке алу кезінде әр музей затының саны бірлікпен өлшенеді. Әр музей затына немесе коллекцияға музейдің қысқартылған атауы, музей заты жасалған материалдың бірінші әріпі, Негізгі қордың есептік түсім кітабы бойынша және осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалған Музей заттарын есептік түгендеу кітабы (бұдан әрі – Есептік түгендеу кітабы) бойынша нөмірлері көрсетілген шифр беріледі.

9. Шифр әр музей затына анық, оның сыртқы көрінісін бүлдірмейтіндей қолмен немесе баспа түрінде немесе басқа да қазіргі заманғы технологияны қолдану арқылы қойылады. Уақытша пайдалануға қабылданған музей заттарына шифр этикетканы п а й д а л а н у а р қ ы л ы қ о й ы л а д ы .

10. Шифр жаңартылғанда музей затына бұрын қойылған барлық шифрлар сақталады.

## 2-Параграф. Музей заттарын түгендеу

11. Музей заттарын түгендеу:

- 1) музей заттарын ғылыми түгендеу;
- 2) музей заттарын салыстырмалы тексеруден тұрады.

12. Музейдің негізгі қорына түскен барлық музей заттары ғылыми түгендеуге ж а т а д ы .

13. Музей заттары алғашқы тіркеуден өткеннен кейін Есептік түгендеу кітабына музей заты туралы мәлімет енгізіліп, шифр қойылады.

Әр музей затына осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша түгендеу карточкасы толтырылады.

14. Мақсатты пайдаланылуына, мазмұнына қатысты музей заттары келесі топтарға б ө л і н е д і :

- 1) заттай деректер;
- 2) табиғи-тарихи ескерткіштер;
- 3) археологиялық коллекциялар;
- 4) антропологиялық коллекциялар;

5) нумизматикалық коллекциялар (монеталар, ордендер, медальдар, жетондар, белгілер, плакаттар, қазыналар, қағаз ақшалар);

6) этнографиялық коллекциялар;

7) метал, ағаш, минерал, фарфор, қыш, шыны, әктас, гипс, мрамор, мата, теріден ж а с а л ғ а н д а р ;

8) қ а р у - ж а р а қ , ж и Һ а з ;

9) бейнелеу деректері (кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және ф о т о с у р е т т е р ) ;

10) жазба деректер (қолжазба және баспа құжаттары, сирек кездесетін кітаптар және т а ғ ы б а с қ а л а р ) ;

11) киноматериалдар және дыбыс жазу ескерткіштері;

12) мемориалдық кешендер;

13) бағалы металдар мен тастардан жасалған музей заттары;

14) биологиялық және зоологиялық музей заттары.

15) Әр топ бойынша Есептік түгендеу кітабы жүргізіледі.

16. Есептік түгендеу кітабына музей заты жөнінде мәлімет енгізу кезінде әр музей затына бір реттік тіркеу нөмірі беріледі, ал әр коллекциялық музей затына коллекцияны құрайтын заттардың саны бойынша нөмір бөлшекпен беріледі.

17. Есептік түгендеу кітабы қолмен толтырылады.

18. Есептік түгендеу кітабы толтырылғанға дейін беттері нөмірленеді, байланады, музей директорының, бас қор сақтаушының, есепке алу бөлімі жетекшісінің қолдары қойылады және (бар болған жағдайда) музейдің мөрі басылады.

19. Соңғы жазба енгізілгеннен кейін Есептік түгендеу кітабына тізімдеме жасалады. Есептік түгендеу кітабының жаңасы жасалғанда алдыңғылары сақталады және ж о й ы л м а й д ы .

20. Музей заттарын салыстырмалы тексеру музей директорымен бекітілген тексеру кестесіне сәйкес жүргізіледі.

21. Тексеру кестесінде келесі мерзімдер көрсетіледі:

- 1) музей заттары үш мың болатын музейлерде – жыл сайын;
- 2) музей заттары отыз мыңға дейінгі музейлерде – үш жылда бір рет;
- 3) музей заттары отыз мыңнан үш жүз мыңға дейінгі музейлерде – бес жылда бір р е т ;
- 4) музей заттары үш жүз мыңнан бес жүз мыңға дейінгі музейлерде – жеті жылда б і р р е т ;
- 5) музей заттары бес жүз мыңнан бір миллионға дейінгі музейлерде – он жылда бір р е т ;
- 6) музей заттары бір миллионнан артық музейлерде – он бес жылда бір рет.

22. Музей заттарын салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасын сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

### 3. Музей заттарын сақтау

23. Музей заттары:

1) температура-ылғалдылық режимі;

2) жарық режимі сақталатын ғимараттарда орналасады.

24. Музей заттарын кешенді сақтауда  $+18^0$  Цельсий (бұдан әрі – С) ауа температурасы белгіленеді.

25. Музей заттарын сақтау қоймаларында оларды кешенді сақтауда ауа температурасы  $+20^0$  С-ден жоғары болмауы шарт (53%-ке дейінгі салыстырмалы ылғалдылықта).

26. Музей заттары орналасқан ғимараттарда:

- 1) ақ-қара фотоматериалдар үшін -  $+12^0$  С-ден жоғары емес;
- 2) түрлі-түсті фотоматериалдар үшін -  $+5^0$  С-ден жоғары емес;
- 3) балауыз бен ермексаздан жасалған музей заттары үшін  $+16^0$  С-ден  $+25^0$  С-ге д е й і н ;
- 4) бағалы және жартылай бағалы тастар мен сарғылт дүрден жасалған музей заттары үшін  $0^0$  С-ден төмен емес ауа температурасы белгіленеді.

27. Музей заттарын кешенді сақтауда салыстырмалы ауа ылғалдылығы 50-ден 65%-ға дейінгі аралықта белгіленеді.

28. Музей заттарын сақтау үшін:

1) хлорлы қоспа түрінде коррозиясы бар археологиялық музей заттары үшін 37 %-  
д а н 5 0 % - ғ а д е й і н ;

2) фотоматериалдардан тұратын музей заттары үшін 40-тан 50 %-ға дейін  
температура-ылғалдылық режимі белгіленеді.

29. Музей заттары орналасқан әр ғимаратқа температура мен ылғалдылықты тіркеу  
үшін психрометр, гигрометр, термометр және тағы басқа құралдар орнатылады.

30. Ауаның температурасы мен ылғалдылық көрсеткіштері тәулігіне екі рет бір  
м е з г і л д е б е л г і л е н е д і .

31. Егер ғимаратың температура-ылғалдылық режимінің ылғалдылығы жоғары  
болса, қабырға мен жабдықтардың арақашықтығы 10 сантиметрден кем болмауы тиіс,  
егер ылғалдылық төмен болған жағдайда жалпы ылғалдандыру құралдары  
қ о л д а н ы л а д ы .

32. Музей ғимаратында музей заттарына күн сәулесі түспеуі тиіс.

33. Графиканың барлық түрі, кітап, қолжазба материалдары, фотосуреттер, мата,  
ботаникалық және зоологиялық коллекциялар, былғарыдан жасалған заттар үшін музей  
ғимаратының жарықтылығы 50-75 люкс, қалған барлық музей заттары үшін – 75 люкс  
ш а м а с ы н д а б о л у ы т и і с .

34. Майлы және аралас техникалы кескіндеме мен сүйектен жасалған музей  
заттарына күндізгі уақытта жүйелі жарықтандыру (табиғи және жасанды) қажет.

35. Музей ғимаратындағы видеотүсірілім, фототүсірілім кезінде музей заттарының  
қызып кетпеуін бақылау қажет. Жарық көзі музей заттарынан төрт метр қашықтықта  
орналасуы тиіс, ал жарық аз ғана уақытқа (3-5 минуттан артық емес) қосылу қажет.  
Түсірілім жүргізілген музей ғимаратының температурасын  $2^0$  С қалыпты жағдайдан  
к ө т е р у г е ж о л б е р і л м е й д і .

36. Музей заттары электронды жарқылдағы бар фотосуретке түсірілмейді.

37. Кескіндемені сақтау келесі әдістермен жүзеге асырылады:

1) жақтаусыз картиналар имегі бар мықты баумен немесе жылжымалы металл ілмек  
арқылы ілінеді. Баудың бір ұшы қабырғаның жоғарғы жағына жалғанған металл  
карнаққа бекітіледі, ал екінші ұшы екі шығыршық арқылы өткізіліп, картинаның  
ж а қ н а у ы н д а ғ ы қ а р н а қ қ а б а й л а н а д ы ;

2) жақтаулы картиналар ірі металл торға бекітілген стационарлық (жылжымайтын)  
немесе жылжымалы жайма тақтаға ілінеді. Торларға картиналарды ілу ілмектердің  
көмегімен жүзеге асырылады. Ілмектің бір ұшы картинаның жақтауына бұралған  
шығыршыққа, ал екіншісі тордың көзіне орнатылады. Торлар мен ілмектерде тоттануға  
қ а р с ы ж а б ы н б о л у ы қ а р а с т ы р ы л а д ы ;

3) кенептегі картиналар мен кескіндеме шығармалары тақтайларда, әрбір  
шығармаға арналған ұяшықтары бар стеллаждарда сақталады;

4) жуан тақтайлардағы шығармалар (негізінен көне орыс кескіндемелері) ауаның

кіруін қамтамасыз ететін торлы негізді стеллаждарда сақталады. Тақтайша төсемелері шығармалардың беткі жағына жалпағынан перпендикуляр жатқызылады. Стеллаждың тік қабырғасына матамен қапталған арнайы жеке еңіс ұяшықтар жабдықталады;

5) кенепке салынып жақтауға керілген картиналар торлы негізіне екінші төсемені тақта жасау арқылы сақтайды. Үлкен көлемді туындыларды стеллаждан алғанда және орналастырғанда сырылмас үшін тақташалардың арасына тірек қондырылады;

6) жақтаусыз, қалың тақтайларға сынамамен салынған кескіндеме шығармалары көлеміне қарай бір-біріне беткі жағымен қарата қойылып сақталады. Шығармалардың арасына кенеп және мақтадан жасалған жастықшалар салынады;

7) кенеп бетіне салынған жақтаусыз картиналар көлеміне қарай, бір-біріне беткі жағымен қарата қойылып төсемесіз сақталады;

8) майлы кескіндеме картиналары арнайы біліктерде сақталады.

Картиналар сақталатын ғимаратта сөрелер мен қатарлар арасындағы белгіленген арақашықтықтың ені бір метрден кем емес.

38. Бір білікте онға дейін картиналар сақталады.

Майлы бояулы кескіндеме шығармаларын орауға арналған біліктер құрғақ, беті жұмсақ материалдан келесі көлемде дайындалады:

1) біліктің диаметрі 50 сантиметр және одан да ұзын (қайталанған картиналар мен ірі кескіндемелі картиналар 50-ден 70-ке дейін);

2) біліктің ұзындығы картинаның енінен 5-тен 10 сантиметрге дейін ұзын;

3) біліктің қаңқасы фанермен қапталады, үстінен қағазбен оралады;

4) біліктің екі жағына бекітілген ұстаманың диаметрі білікке оралған картина еденнен 10-15 сантиметр жоғары тұратындай есеппен жасалып, біліктің диаметрінен ү л к е н б о л у ы т и і с .

Үлкен көлемді картиналарды біліктерде екі-үш жылдан астам уақыт сақталуын тексермей сақтауға болмайды. Майысуы немесе өзгеріске ұшырамауы үшін картина оралған білікке көлденеңінен сақталады. Жылына екі рет білікті осы бойынша а й н а л д ы р а 1 8 0 ° - қ а б ұ р а д ы .

39. Аралас, темперлі және желімді техникада орындалған кескіндемелер әйнектеліп с а қ т а л а д ы .

40. Экспозицияда кескіндемелер шыны астында экспозицияланады. Шыны кескіндемеге тимес үшін жиектеріне қалыңдығы 2-5 миллиметр ағаш, қалың қағаз және т ы ғ ы н т ө с е м д е р ж а с а л а д ы .

41. Графика туындылары жартылай паспартуға, әйнегі жоқтары музей затының және паспартудың жоғарғы бөлігіне артқы жағынан қағаз жабыстырғышпен қағаз т о п с а ғ а б е к і т і л е д і .

42. Қолжазба кітаптары (пергаментте және қағазда орындалған) жарық пен шаңнан сақтауды қамтамасыз ететін арнайы шкафтарда сақталады.

Көне қолжазбалар мен ескі баспа кітаптары қаптарда немесе қораптарда сақталады.

Мақтау қағаздары (пергамент және қағазда орындалған) папкаларда шкафтар мен стеллаждарда көлденең күйінде сақталады.

43. Күкіртті және тұзды қоспалы минералдар тығыз тығындалған мойны кең банкаларда сақталады.

44. Матадан жасалған музей заттары материал түрлері бойынша жабық шкафтарда немесе жәшіктерде сақталады, мата микалентті қағазбен оралады.

45. Алтын, күміс, меруерт және өзге де бедерлі тігістермен және аң терісімен әшекейленіп тігілген музей заттары жеке сақталады, әр зат микалентті қағазға оралып, заттардың арасына бірнеше қабат микалентті қағаз салынады.

46. Теріден жасалған музей заттары жоңқалы-ағаштардан дайындалған плиталардан басқа шкафтарда сақталады:

1) теріден тігілген киімді бұрыштарында мақталы жастықшалардан жасалған төсемелері бар киім ілгіштерде сақтайды;

2) теріден тігілген бас киімдерді жеке қораптарда сақтайды. Пішінін бұзылудан сақтау үшін бас киімдерді қалыптарға кигізеді;

3) аяқ киім іші жұмсақ қағазбен тығыздалған ағаш қалыптарда сақталады;

4) тері әбзелдер шкафтарда дөңгелек ағаш тіреуіштерге ілінеді.

47. Ағаштан жасалған мүсін, үлкен көлемді сандықтар мен жіп иіру станоктары стеллаждарда немесе полкаларда сақталады.

48. Ірі және орташа көлемді мүсіндер подиумдар, стеллаждар мен тұғырларда сақталады.

49. Фарфордан, қыштан, шыныдан, әктастан, гипстен, мәрмәрдан жасалған музей заттары әйнектелген шкафтардың сөрелерінде сақталады.

50. Түрлі-түсті және қара металдан жасалған музей заттары асыл металдан жасалған заттардан бөлек сақталады.

51. Отты және суық қарулар күзет дабыл құралымен жабдықталған ғимаратта сақталады.

52. Нумизматика (монеталар, медальдар, ордендер, жетондар, төсбелгілер тағы басқалар) жалпақ тартпа жәшіктерде сақталады. Жәшіктің биіктігі 3-5 сантиметр. Жәшіктерге биіктігі 1,5-2 сантиметр заттардың көлемінен ені мен тереңдігі 1 сантиметрдей асып тұратын картон, пластмасса қораптар (қақпақсыз) орнатылады.

53. Негативтер мен диапозитивтер металл шкафтарда және ұяшықтары бар қораптарда сақталады, олар әр музей заты қатты қағаздан жасалған конвертке салынады.

54. Позитивтер өлшеміне сәйкес фотосурет қағазынан жасалған пакетте сақталады, бір пакетте 10 данадан аспайды.

55. Кинотаспалар стандартты темір қораптарда, дыбыс таспалары қатырма қораптарда сақталады.



56. Магнит таспалары ағаш сөрелерге тігінен қойылған алғашқы қаптамасында немесе арнайы дайындалған қатырма қағаз қораптарда сақталады.

57. Оптикалық жинақ дисктер, алынбалы дисктер пластикалық контейнерлерде, шкафтарда сақталады.

58. Металл геологиялық барлау құралдары (балғалар, шапқылар, жеңілдетілген бұрғы жиынтықтары және басқалар) жұмсақ орында сақталады.

59. Өсімдіктер, жәндіктер, балықтар мен басқа да ағзалардың ізтаңбалары мақтаға оралып қорапта немесе жәшікте сақтайды.

60. Топырақ кесектері қабырғаға бұрышымен қойылған арнайы жәшіктерде, ал химиялық сараптамаға алынған топырақ сынамалары берік кептелген тығынды шыны ыдыстарда сақталады.

61. Гербарилер папкаларда, есігі берік жабылатын шкафтарда, герметикалық шкафтар немесе қораптарда сақталады.

62. Зоологиялық музей заттары келесідей әдістермен сақталады:

1) бағалы аң терілері шкафтарда ілулі күйінде;

2) аң-құстардың тұлыптары берік жабылатын шыны есікті шкафтарда немесе стеллаждарда сақталады. Зоологиялық классификацияға сәйкес бір-бірінен алшақ орналасады.

3) құстар мен сүтқоректілердің тұтас тұлыбы сандықтарда;

4) спирт немесе формалинге салынған зоологиялық музей заттары шыны ыдыста, саңылаусыз шкафтарда сақталады.

63. Антропологиялық музей заттары:

1) бассүйектер шкафтарда сөрелерде;

2) қаңқа сүйектері жеке жәшіктерде;

3) шаш эфирмен жуылып, аузы мақтамен және тығынмен жабылған шыны пробиркаларда;

4) мәңгі тоң басқан жағдайда сақталған қаңқа сүйектері түбегейлі консервацияланғанша  $18^{\circ}\text{C}$  кем емес температурада тоңазытқыш шкафта сақталады.

#### 4. Музей заттарын пайдалану

64. Музей заттары:

1) экспозиция үшін;

2) ғылыми зерттеу үшін;

3) фототүсірілімдер және видеотүсірілімдер үшін;

4) концерттер үшін пайданылады.

65. Музей заттары ескірген жағдайда пайдаланылмайды.

66. Музей заттарын тасымалдау қор сатып алу (қор іріктеу) комиссиясының ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

67. Тасымалдау кезінде барлық музей заттары топтары бойынша алынбалы бөлшектері бар жәшіктерге, қораптарға жеке-жеке жұмсақ қағазбен бірінен бірі бөлек оралып салынады. Музей заттарының бөліктері бөлек оралып, бір жәшікке салынады.

Жәшіктердің немесе қораптардың ішінде музей заттары:

1) бағалы металдар мен тастардан жасалған музей заттары арнайы құтыларға салынады ;

2) металдан жасалған музей заттары мен қарулар жұмсақ қағазбен оралады немесе арнайы қапқа, құндаққа салынады. Оралмас бұрын шаңнан тазартылып, майланады. Безендірілген жерлері балқытылған балауыз немесе парафин сіңдірілген қағаз немесе дәкемен желімделеді ;

3) қамқа немесе алтын және күміс жіптермен тігілген музей заттары үлкен жәшікке ұзыны бойына жайылып қойылады, киімге тігілген түймелер жұмсақ қағазбен оралады, мүмкіндігінше металл бөлшектері сөгіліп алынады;

4) жүннен және теріден жасалғандар зиянкестерден сақтайтын құралдармен өңделген қағаздарға оралады. Оралмас бұрын тарақпен таралады;

5) теріден жасалғандар жұмсақ қағазбен оралады. Оралмас бұрын музей заттары жұмсартқыштармен (үпілмәлік майы, ланолин, жұмыртқаның сарысы қосылған глицерин сұйықтығы) майланады. Тері аяқ киімнің іші жұмсақ материалмен толтырылып, қаптар алдында кептіріледі.

68. Музей заттарын қаптау кезінде:

1) әр музей затының оқшаулығы;

2) әр музей затына шамадан тыс қысым түсірмеу;

3) жәшіктерге қапталған музей заттарының толықтай қозғалмауы қамтамасыз етеді.

## 5. Музей заттарын есептен шығару

69. Музей заты қор сатып салу (қор-іріктеу) комиссиясының ұсынымдарына сәйкес:

1) музей заты бүлінгенде ;

2) мемлекеттік музейлерге, мемлекеттік ұйымдарға тұрақты пайдалануға берілгенде ;

3) мемлекеттік музейлермен, мемлекеттік ұйымдармен айырбастау кезінде есептен шығарылады .

Музей заты мемлекеттік музейлерге, мемлекеттік ұйымдарға тұрақты пайдалануға берілгенде немесе айырбасталған жағдайда қабылдау-тапсыру актісі жасалады.

70. Қор сатып салу (қор-іріктеу) комиссиясы ұсынымдарының негізінде осы Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша музей заттарын есептен шығару актісі жасалады .

71. Есептен шығару актісі музей директорымен бекітіледі және (бар болған жағдайда) музейдің мөрімен басылады.

72. Акт бекітілгеннен кейін Негізгі қордың түсім кітабындағы «ескерту» бағанына есептен шығару актісінің мерзімі мен нөмірі көрсетіліп, музей затының есептен шығарылғандығы жөнінде жазба енгізіледі.

Бейінсіз музей заттары есептен шығарылған жағдайда, Негізгі қордың түсім кітабындағы «ескерту» бағанына жазба енгізілгеннен кейін музей заттары ақысыз негізде басқа мемлекеттік мекемелерге беріледі.

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы**  
 музей қорының музей заттарын  
 есепке алу, сақтау, пайдалану және  
 есептен шығару нұсқаулығына

1-қосымша

Нысан

« Б е к і т е м і н »

-----  
 ( музейдің толық атауы )  
 директоры  
 «\_\_»\_\_20\_\_ жыл

№

**Музей заттарын тұрақты немесе уақытша пайдалануға қабылдау актісі**

Осы акт «\_\_»\_\_20\_\_ жылы үш данада\_\_\_\_\_ атынан  
 (мемлекеттік музейдің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - А.Ж.Т.),  
 лауазымы)

қабылдағаны, ал\_\_\_\_\_ атынан  
 (жеке тұлғаның А.Ж.Т. немесе заңды тұлғаның аты)

\_\_\_\_\_ төмендегі музей заттарын

(А.Ж.Т., лауазымы)

тұрақты немесе уақытша пайдалануға тапсырғаны туралы жасалды:

(керегін сызу)

№	Музей затының атауы және қысқаша сипаттамасы, оның дайындалу техникасы, өлшемі	Музей заттарының саны	Музей затының шифры	Музей затының сақталуы	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Акт бойынша жалпы соммасы \_\_\_\_\_ (теңгемен) болатын \_\_\_\_\_  
(санмен және жазумен) (санмен және жазумен)

бірлік музей заты қабылданды.

Негіз: (қор сатып-алу (қор іріктеу) комиссиясы хаттамасының №\_\_,  
мерзімі)

Қосымша тіркелген құжаттардың тізімі (болған жағдайда):

Осы актіні толтырған тұлғалардың қолы \_\_\_\_\_.

(А.Ж.Т., құжатты тапсырған тұлғаның қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

2-қосымша

Нысан

« Б е к і т е м і н »

-----  
( музейдің толық атауы )  
д и р е к т о р ы  
«\_\_»\_\_\_\_20\_\_жыл

**№**

**Музей заттарын тұрақты немесе уақытша пайдалануға тапсыру  
актісі**

Осы акт « »\_\_\_\_20\_\_жылы \_\_\_\_\_ атынан  
(мемлекеттік музейдің аты)

\_\_\_\_\_ « » 20\_\_\_\_ жылға дейін  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - А.Ж.Т.),  
л а у а з ы м ы )

тапсырғаны, ал \_\_\_\_\_ атынан  
(з а ң д ы т ұ л ғ а н ы ң а т ы )

\_\_\_\_\_ төмендегі музей заттарын мәдениет саласындағы атқарушы  
(А.Ж.Т., лауазымы)

уәкілетті органның немесе облыстық жергілікті атқарушы органның  
(республикалық маңызы бар қаланың және астананың) арнайы рұқсатының  
негізінде тұрақты немесе уақытша пайдалануға  
( к е р е г і н с ы з у )

қабылдағаны туралы жасалды:

--	--	--	--	--	--

№	Музей затының атауы және қысқаша сипаттамасы, оның дайындалу техникасы, өлшемі	Музей заттарының саны	Музей затының шифры	Музей затының сақталуы	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Акт бойынша барлығы \_\_\_\_\_ бірлік музей заты қабылданды.  
( с а н ж ә н е ж а з у м е н )

Қолдар \_\_\_\_\_

(парақтың келесі бетін қараңыз, уақытша пайдалануға тапсыру кезінде)

Тапсыру келесі шарттарды міндетті орындаумен іске асырылды:

1. Осы акт негізінде тапсырылған музей заттары \_\_\_\_\_

музейге осы актіде белгіленген мерзімнен кешіктірілмей қайтарылуы қажет, сонымен қатар қосымша талаптар қойылмауы керек.

2. Тапсырылған музей заттарын қаптау және жеткізу \_\_\_\_\_

е с е б і н е н \_\_\_\_\_ т ө л е н е д і .

3. Тапсырылған музей заттарының сақталуы берілген күйінде қайтарылуы к е р е к .

Тапсырылған музей заттары жоғалған немесе ішін-ара бүлінген жағдайда

\_\_\_\_\_ жоғалған музей затының құнын немесе қалпына келтірудің құнын өтеуге м і н д е т т і .

4. Музей заттарын уақытша сақтау мерзімі ішінде, музей заттарының тиісті жағдайда сақталуын музей \_\_\_\_\_ бақылайды,

сол себепті \_\_\_\_\_

музей өкіліне музей затын қарауға рұқсат етуге және оны сақтауға байланысты барлық нұсқауларды орындауға міндетті.

Белгіленген шарттармен таныстым: \_\_\_\_\_

(қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

3-қосымша

Нысан

### Тұрақты пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу кітабы

№	Жазылған мерзімі	Актінің нөмірі	Музей затының қысқаша сипаттамасы	Музей заттарының саны	Музей затының түсім көзі	Ескерту, тапсырған қабылдаған тұлғалардың қолы
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

4-қосымша

Нысан

### Тұрақты пайдалануға тапсыру актілерін тіркеу кітабы

№	Жазылған мерзімі	Актінің нөмірі	Музей затының қысқаша сипаттамасы	Музей заттарының саны	Музей затының түсім көзі	Ескерту, тапсырған қабылдаған тұлғалардың қолы
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

5-қосымша

Нысан

### Уақытша пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу кітабы

№	Жазылған мерзімі	Актінің нөмірі	Музей затының қысқаша сипаттамасы	Музей заттарының саны	Музей затының түсім көзі	Пайдалану уақыты	Қайтару туралы белгі	Ескерту, тапсырған қабылдаған тұлғалардың қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

6-қосымша

Нысан

### Уақытша пайдалануға тапсыру актілерін тіркеу кітабы

№	Жазылған мерзімі	Актінің нөмірі	Музей затының қысқаша сипаттамасы	Музей заттарының саны	Музей затының түсім көзі	Пайдалану уақыты	Қайтару туралы белгі	Ескерту, тапсырған қабылдаған тұлғалардың қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

7-қосымша

Нысан

### Негізгі қордың түсім кітабы

№	Жазылған мерзімі	Түсім көзі және мерзімі, музей затын тұрақты пайдалануға қабылдау актісінің нөмірі	Музей затының атауы және қысқаша сипаттамасы (авторы, мерзімі, шыққан жері, жазбалар және тағы басқалар)	Музей заттарының саны	Музей затының материалы және жасалу техникасы	Музей затының көлемі, бағалы металдар мен тастар үшін жалпы салмағы	Музей затының бағасы	Музей затын қабылдаған (құрылымның немесе бөлімнің атауы)	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
музей                      қорының                      музей                      заттарын  
есепке                      алу,                      сақтау,                      пайдалану                      және  
есептен                      шығару                      нұсқаулығына  
8-қосымша  
Нысан

### Уақытша қордың түсім кітабы

№	Жазылған мерзімі	Музей затының атауы және қысқаша сипаттамасы (материалы, жасалу техникасы, өлшемі, жалпы салмағы сақталу жағдайы)	Музей заттарының саны	Музей затын уақытша пайдалануға қабылдау актісінің нөмірі, мерзімі	Музей затын қайтару мерзімі	Музей затын қабылдаған құрылымның немесе бөлімнің атауы	Музей затының қайтарылғаны туралы белгі (мерзімі, орны)	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
музей                      қорының                      музей                      заттарын  
есепке                      алу,                      сақтау,                      пайдалану                      және  
есептен                      шығару                      нұсқаулығына  
9-қосымша  
Нысан

### Музей заттарының коллекциялық тізімдемесі

№	Музей затының атауы және сипаттамасы	Музей затының материалы және жасалу техникасы	Музей затының көлемі, жалпы салмағы	Музей затының сақталу жағдайын сипаттау	Ескерту
1	2	3	4	5	6





1	2	кітабы бойынша нөмірі	3	4	5	6	және жасалу техникасы	мен тастар үшін)	7	8	9	10	түсім құжаты, бағасы	мен шифрі	11	12

Қазақстан Республикасы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына  
12-қосымша  
Нысан

### түгендеу карточкасы

#### (музей затының атауы)

Музейдің толық атауы: \_\_\_\_\_

Музейдің құрылымдық бөлімшесі: \_\_\_\_\_

1. Музей затының Негізгі қордың түсім кітабы бойынша реттік нөмірі және мерзімі \_\_\_\_\_.

2. Музей затының түгендеу нөмірі және классификациясы бойынша тобы \_\_\_\_\_.

3. Музей затының ескі түгендеу нөмірі (болған жағдайда) \_\_\_\_\_.

4. Музей затының сипаттамасы:

1) Фотоның орны (немесе тіркеледі);

2) Материалы және жасалу техникасы;

3) көлемі, жалпы салмағы және бағалы металдар мен тастар үшін с ы н а м а с ы ;

4) негізгі белгілері (пішіні, қолданылуы, құрылымы, сыртқы қабаты, түсі, сюжеті, композициясы, көркемдік стилі, бейнеленуі, жазулары, мөр, белгілері және басқалар) \_\_\_\_\_.

5. Музей затының сақталу жағдайы: \_\_\_\_\_.

6. Жарияланымдар, пайдаланылуы: \_\_\_\_\_.

Толтырылған мерзімі: « » 20 жыл

Толтырған: \_\_\_\_\_

(аты, жөні, тегі (болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Е с к е р т у :

Түгендеу карточкасын толтыру кезінде бағалы металдар мен тастардан жасалған заттарды (соның ішінде монеталар, бұйымдар және тағы басқалар) «материал» бағанында заттың қандай металл мен

тастардан жасалғандығы, «өлшемі мен салмағы» бағанында заттың биіктігі, ені, тереңдігі (егер зат дөңгелек пішінді болса диаметрі) 1 миллиметрге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. 100 граммға дейінгі музей затының салмағы 0,01 граммен, 100 граммнан жоғарылар 0,1 граммен, бағалы тастардың салмағы – 0,01 караттық дәлдікпен көрсетіледі. Ірі көлемді музей заттарының дәлдікпен өлшенген салмағы ескертуде көрсетіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

13-қосымша

Нысан

« Б е к і т е м і н »

-----  
( музейдің толық атауы )

д и р е к т о р ы

«\_\_»\_\_20\_\_жыл

«\_\_»\_\_20 жылғы №

### Музей заттарын салыстырмалы тексеру қорытындысы актісі

Осы акт \_\_\_\_\_ директорының «\_\_»\_\_20 жылғы №\_\_

( музейдің толық атауы )

« \_\_\_\_\_ » бұйрығына сәйкес жасалып,

( б ұ й р ы қ т ы ң атауы )

музей заттарын салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша келесі анықталды:

\_\_\_\_\_ есеп құжаттарына сәйкес

(кітаптың және (немесе) актінің атауы, нөмірі)

«\_\_»\_\_20\_\_жылға барлығы \_\_\_\_\_

( санмен және жазумен )

бірлік музей заты, олардың ішінде \_\_\_\_\_

(атауы, түгендеу нөмірі, қысқаша сипаттамасы)

музей заты бар.

Іс жүзінде музей заттарын салыстырмалы тексерудің нәтижесінде

«\_\_»\_\_20\_\_жылға барлығы \_\_\_\_\_ бірлік музей заты, оның

( санмен және жазумен )

ішінде \_\_\_\_\_ музей заты бар.

(атауы, түгендеу нөмірі, қысқаша сипаттамасы)

Барлығы \_\_\_\_\_ музей заты анықталды (тіркелді)

Осы актіні толтырғандар: 1) \_\_\_\_\_

(аты, жөні, тегі (болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

музей қорының музей заттарын  
есепке алу, сақтау, пайдалану және  
есептен шығару нұсқаулығына

14-қосымша

Нысан

« Б е к і т е м і н »

-----  
( музейдің \_\_\_\_\_ толық \_\_\_\_\_ атауы )

д и р е к т о р ы

«\_\_»\_\_\_\_20\_\_жыл

«\_\_\_\_»\_\_\_\_20\_\_жылғы №

**Музей заттарын есептен шығару жөніндегі акт**

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

(аты, жөні, тегі (болған жағдайда) (бұдан әрі - А.Ж.Т.)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(барлық комиссия мүшелерінің А.Ж.Т.)

\_\_\_\_\_ негізінде

(музей заты бүлінгенде, мемлекеттік ұйымдарға тұрақты пайдалануға

берілгенде, мемлекеттік

\_\_\_\_\_ ұйымдармен айырбастау кезінде есептен шығарылады)

төмендегі музей заттарын есептен шығару жөнінде осы актіні жасады

№	Музей заттарының атауы және қысқаша сипаттамасы	Музей заттарының саны	Музей заттарының Негізгі қордың түсім кітабы бойынша түгендеу нөмірі	Музей заттарының құны	Музей заттарының сақталу жағдайы	Ескерту
	1	2	3	4	5	6

Барлығы \_\_\_\_\_ бірлік музей заты

(санмен және жазумен)

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(қолы А.Ж.Т.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК